

Балаларға арналған журнал

Балалар

әлемі

№1
2025 жыл

БІЗ - ОТАННЫҢ ҰЛАНЫМЫЗ

3+

ЖУРНАЛ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРАЛІГІ
ТІЛ САЯСАТЫ КОМИТЕТІНІҢ
ТАПСЫРЫСЫ БОЙЫНША
ШЫҒАРЫЛАДЫ

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА ҚҰРАМЫ:

Асан Эльмира Арысланқызы
Редакциялық алқа төрағасы
Мұқан Гүлфариза Мелдешқызы
Редакциялық алқа хатшысы
Атанбек Наурыз
Ақын, жазушы
Ашықбаев Ертай Ахатұлы
Ақын, жазушы, журналист

Бас редактор
Айнагүл Танатова
Редактор орынбасары
Айша Бибі Нұрлыбай
Корректор
Айнұр Ажикеева
Психолог
Айсұлу Қаламбаева
Меншікті тілші
Әсел Амандықова
Суретші-дизайнер
Дінмұхамед Тұрғанбай
Назгүл Нұралыхан

Журнал Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат
министрлігінде тіркеліп,
24.04.2009 жылы №10074-Ж
тіркеу туралы куәлігі берілген.

Шығарушы:
«Айша-Бибі – Сланды ана» ЖШС
Редакция мекенжайы:
160000, Шымкент қаласы,
Ғ.Орманов көшесі, 15/2-үй.
Тел.: 8 778 658 09 21
e-mail: Saha_0001@mail.ru

Журнал
«South-print corporation» ЖШС
баспаханасында басылды.
Шымкент қаласы,
Қапал батыр көшесі, 19 участок.

Басуға қол қойылған күн 15.07.2025ж.
Қалпы 60x84 1/8. Қағазы офсеттік.
Шартты баспа табағы - 4.
Таралымы 2000 дана.
Тапсырыс №

Кел, балақай,
бірге журнал оқыық!



Мазмұны

3 Жыр санғық

6 Халық ертегісі

8
9 Ұлттық таным

12 Жұмбақ
жасырайын...

17 Әдептілік
әліппесі

22 Ғибратты әңгіме

27 Боямақ

30
31 Әнші балапан

34 Шебер қолдар

Ақылбек Шаяхмет –

ақын, драматург,
журналист, қоғам қайраткері,
республикалық мүшәйралардың
жеңімпазы.



Жыр сандық

Таба нан

Жұрт қызығып қараған,
Жақсы көрген әр адам.
Жарық күндей ып-ыстық –
Табадағы таба нан.



Танғыр нан

Шыққан қызған тандырдан,
Мейірінді қандырған.
Доп-домалақ, жұп-жұмыр,
Оның аты – тандыр нан.

Шелпек

Елге келсең, ер ұлан,
Қарама сен нем кетті.
Шыққан ана қолынан,
Сүйсініп же шелпекті.



Бауырсақ

Жеп көрмесең болмайды,
Үйдің дәмін сағынсаң.
Қақтырады таңдайды
Майға піскен бауырсақ.




Тілашар


Бос текшенің ішіне қажетті әріпті жазып, жасырынған сөзді тап!




а қ а




қ а л м



т ү к і



р а



і л



к і т п



қ о я

Төмендегі сұрақтардың дұрыс жауабын белгіле.

Тамақты шәйнекте пісіре ме?

Иә


Жоқ



Сағат ауа-райын көрсете ме?

Иә


Жоқ



Гүл өсімдік пе?

Иә

Жоқ



Балғамен шегені қағуға бола ма?

Иә

Жоқ



Ешкі төрт түлік қатарына жата ма?


Иә

Жоқ




Мен - зерек баламын


Есепті шығар




= 1 2 3 4 5
6 7 8 9




= 1 2 3 4 5
6 7 8 9




= 1 2 3 4 5
6 7 8 9



= 1 2 3 4 5
6 7 8 9



= 1 2 3 4 5
6 7 8 9



= 1 2 3 4 5
6 7 8 9



Сүжүрек қоян

Бір күні қоян ұзап серуендемек болады. Бірақ ол үш қадам жасамай-ақ, бұтаның арасынан бір сыбдырды естиді.

Қоян «Осы мені түлкі шығар аңдып жүрген!» – деп ойлап, қорыққаннан зыта жөнеледі.

Жүгіріп-жүгіріп шаршаған қоян дем алайын деп томаршаға отырғаны сол еді, тағы да бұтаның арасынан сыбдырлаған дауыс шықты.

«Мені аңдып жүрген қасқыр емес пе екен?» – деген ойдан үрейі ұшып, қоян тағы қаша жөнеледі. Содан бір кезде дем алайын деп, сәл дамылдайды.

«Неліктен мен сондай бақытсызбын? Менен ешкім қорықпайды, мен бәрінен қорқамын. Сорлы басым-ай, одан да бұл қайғыдан суға батып өлгенім артық қой» – дейді ол қамығып. Сөйтіп ол өзенге жүгіріп келсе, жағада бақа отыр екен. Сұр қоянды көре сала бақа есі шығып, бақылдап суға секіріп кетеді. Мұны көрген қоян тоқтай қалып, таңдана қарап, өз-өзіне:

«Мен осы несіне суға батамын, менен де қорқатындар бар екен ғой» – деп райынан қайтыпты.



Тез ойлана білесің бе?

Бұл ойынды балалар
топ болып немесе
екі бала ойнауға да
болады.



Ойынның шартына сәйкес, балалар бір-біріне сұрақтар қояды.
Мысалы, сұрақтар тізбегі былай:

Ұл бала өссе қалай атаймыз?

Қыз бала өссе қалай атаймыз?

Жауабы: Ұл бала өссе «ер азамат» дейміз.

Қыз бала өссе «бойжеткен» дейміз.

Әрі қарай сұрақтар осы мәнде жалғаса береді.

балапан – әтеш болады.

қағаз – кітап болады.

қар – су болады.

ұн – нан болады.



Ал енді сұрақты
керісінше қоямыз?

Жылқы құлын болған.

Түйе бота болған.

Өсімдік тұқым болған.

Ойын осылай жалғаса береді.



Ойын балалардың ой-өрісін кеңейтуге,
ойлау қабілетін дамытуға бағытталған.

ҰЛТТЫҚ ТАНЫМ

Балалар, біз ата-бабамыздан келе жатқан жақсы адет-ғұрыптарды білуіміз керек. Олар тек салт емес, бір-бірімізге деген мейірім мен сыйластықтың белгісі. Бүгін біз сендерге балаларға байланысты салт-дәстүрлер туралы айтып береміз. «Сүйінші», «Байғазы» сияқты сөздерді естіп көрдіңдер ме? Олардың не екенін білгілерің келе ме? Онда бірге оқып көрейік!

Сүйінші сұрау

Сүйінші – қуанышты жаңалықты бірінші болып жеткізген адамға берілетін сыйлық. Мысалы, бір отбасында сәби дүниеге келсе, бала алғаш мектепке барса немесе алыстан қонақ келсе – бұл сүйінші сұрауға лайық қуаныштар.

Ата, сүйінші



Сүйінші сұраған адамға тәттілер, ойыншық немесе кішкентай сыйлық беру қазақтың жақсы дәстүрі, бұл қуанышты бөлісу, жақсылықты бірге тойлау деген сөз.



Байғазы беру

Байғазы – жаңа киім кигенде, жаңа зат алған кезде үлкендердің балаларға беретін сыйлығы. Бұл дәстүр балаларды қуанту мен үлкендердің жақсы ниетін білдіреді. Жаңа дүниеге жақсылық тілеп, баланың көңілін көтеру үшін жасалады.

Мысалы, бала жаңа киім киіп келсе, ата-әжесі, туыстары:

– Ой, қандай әдемі! Жаңа киімің құтты болсын! – деп, «байғазы» береді.

Байғазы тәттілер, ақша, ойыншық сияқты кішігірім сыйлық болуы мүмкін.



Олар да
бала болған...

Шығыстың
жарық жұлдызы



ШОҚАН УӘЛИХАНОВТЫҢ туғанына 190 жыл

Қазақтың ұлы ғалымы, шығыстанушы, тарихшы, фольклоршы, этнограф, географ, ағартушы – Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов 1835 жылдың қараша айында Құсмұрын бекетінде қазіргі Қостанай облысы, Әулиекөл ауданында дүниеге келген. Шын есімі – Мұхаммед Қанафия. Әжесі бала күнінде «Шоқаным» деп еркелетіп, содан Шоқан аталып кеткен.

Шоқанның балалық шағы Сырымбет тауының баурайында өткен. Бала Шоқан білімге құмар, тарихи аңыз-әңгімелерге қызыққан. Жастайынан данагөй билердің әңгімелерін, ақын-жыраулардың өлең-жырларын тыңдап өскен. Ол әкесі ашқан ауыл мектебінде мұсылманша хат таниды.

Шоқан Уәлихановтың шоқтығы биік ғалым болуына әкесі Шыңғыс, ақылды да көреген, бірнеше шығыс тілін меңгерген әжесі Айғанымның ықпалы көп болған.

Шоқан Уәлиханов 1853 жылы кадет корпусын бітіргеннен кейін офицерлік қызмет атқарады. Содан кейін Орталық Азия елдерінің тарихы мен этнографиясын зерттеуге кірісіп, экспедицияларында далалық зерттеулер жүргізген.

Ол әлемде көрнекті шығыстанушы ретінде мойындалып, еңбектері Еуропада жарияланған.

БАЛАЛЫҚ
ШАҒЫ

ЕҢБЕК
ЖОЛЫ

Шоқан Уәлихановтың жазған ғылыми еңбектері:

- Шығыс Түркістанның сипаттамасы;
- Жоңғария очерктері;
 - Абылай;
 - Шона батыр;
- Тарихи Рашиди;
- Қоқан хандығы туралы жазбалар.

Жаңылтпаштан жаңылма!

Көк аспанда жұлдыз бар,
Мөлдір суда құндыз бар.
Жұлдыз түнде жылтырар,
Құндыз түнде жылтырар.

Үш ұшқыш алды
Үш кір қысқыш,
Үш тіс қысқыш.
Кір қысқыш қымбат па?
Тіс қысқыш қымбат па?

ик!

Бақа батпақта ма?
Бақбақ батпақта ма?
Бақа бақта ма?
Бақбақ батпақта ма?

Ықылық тиді, ықылық,
Түйілдім қатты тұтынып.
Ықылық қалды тұтылып,
Сытылып шықтым тұтылып.

Ағаш кессе аралап,
Алар қолын жаралап.
Әрі салақ, әрі олақ
Бала болған жаман-ақ!

Тарғыл итім талға оралды,
Талға барып тағы оралды.



ЖАСЫРАЙЫН...


Күнде есебін жаттайды,
Ешбір тыным таппайды.
Алмайды бір тағат,
Оның аты ...



Цректен еденді,
Цреңден келеді.
Шаң мен тозаңды
Қызыта береді.



Қатар-қатар тісі бар,
Өзіне тән ісі бар.



Қара күшік күзетте,
Ас ішпейді, үрмейді.
Ол тұрған есікте
Ешкім үйге кірмейді.




Біл керемет күшімді,
Жазға сақтаймын қысыңды.

Оңға да бұрады,
Солға да бұрады.
Тәртіп сақтап әрқашан,
Жолды нұсқап тұрады.




Қарап тұрсаң өзіңе,
Сурет түсер көзіңе.
Ол суретің ұқсайды
Тура сенің өзіңе.




Қобдиында қайырлы
Қазынаның бәрі бар.
Тауыссаң да көз майыңды,
Қалағаның табылар.



Бұл қандай әріптер?



Қос аяққа ұқсаған,
Тізесінен тұсаған.



Қатар тұрған қос қазық,
Қол ұстасқан достасып.

Жалғыз таяқ боп тұр,
Төбесінде доп тұр.



Әріп десең
Бүйірі тоқ.
Сан десең
Салмағы жоқ.

Көсеуіңнен аумайды,
От көсеуге болмайды.

Айтар болсам мақтана,
Ұқсаймын тап қақпаға.

Есепке де кіремін,
Әріп те боп жүремін.

Екі "К" кеп күресті,
Арқаларын тіресті.



Тап сақина секілді,
Оң бүйірі кетілді.



Ажырамас достай-ақ,
Қолтықтасқан қос таяқ.





Халқымыз «түз даланың киелі аңы» деп санайтын киік немесе ақбөкен кең жазықты, шөл, шөлейтті жерлерде тіршілік етуге бейімделген.

Киіктің ерекшелігі:

Киік іште жатқан төлінің жынысын ауыстыра алады.

Ерекше тұмсығы ауадағы шаң-тозаңды сүзеді. Қыста суық ауаны жылытып, өкпеге өткізіп тұрады.

Шөпті таңдап, талғап жейді және шөпті түбінен үзбей, жоғарғы жағынан кертіп алып қана жайылады.

Түгінің түсі жаз бен күз айларында сарғыш-қызғылт түске өзгертіндіктен, «жезкиік» деп те атайды.

Киіктің лағы – құралай

Киіктер Бетпақдалада шыбын-шіркей болмайтын, үнемі жел есіп тұратын суық кезде төлдейді. Мұны қазақта «құралайдың салқыны» деп атайды. Сол уақытта қасқырдың да киікке деген тәбеті тыйылып, құралайлар көшке ілескенше, оларға жақындай алмайды екен. Сондай-ақ киіктер бөтенсінбейді, жаңа туған құралайды басқа аналықтар емізіп, ертіп жүре береді.



Қоқиқаз

Қоқиқаз дүниежүзінде бойы биік және аяқтары мен мойны ұзын құстар тобына жатады. Дене бітімі ерекше, тұмсығы имек. Қауырсындарының түсі ақ, қызғылт, ұшы қап-қара, тұмсығы орта тұсынан бірден төмен қарай иіліп, қоқиып тұрғандықтан «қоқиқаз» атанған.



Қанаттарының ұзындығы – 1,5 метр.



Салмағы – 3-4 кг.

Бойы 90-130 см.

Қоқиқаздың түсі қорек қылатын балдырлар, шабақтар, жәндіктер мен шаяндар, т.б. өсімдіктерге байланысты қызғылт болып келеді.

«Қызыл кітапқа» енгізіліп, қорғауға алынған.



Әңгіме айтуы үйренеміз!

*Балаға қысқа әңгіме оқып беріп,
онымен сұрақ-жауап алмасу арқылы қайта
әңгіме құрастырып айту баланың ой-өрісін
дамытып, ауызша сөйлеуге үйретеді және
сөздік қорын молайтуға ықпал етеді.*

Ермексаздан жасалған тышқан

Әлия мен Әсет – бауырлар. Олар ермексаздан түрлі жан-жануарларды жасағанды жақсы көреді. Бірде Әсет ермексаздан әдемі маймыл жасады. Содан соң ағаш, алма мен банан жасап, әуелгі жасаған маймылды осы ағашқа отырғызып, жанына банан мен алманы жабыстырды. Ал Әлия тышқан жасап, Әсеттің жасаған ағашының жанына орналастырды.

Содан соң екеуі аулада достарымен ойнауға шығып кетті. Сол уақытта мысық Әлияның жасаған тышқанын көріп, оны тістелеп ойнай бастайды.

Әсет пен Әлия үйге келгенде, ермексаздан жасалған тышқан мысықтың аузында жүр еді. Сонда Әлия оған:

– Ол тірі тышқан емес, таста! – деп, мысықты қуалай жөнелді.

Сұрақтарға жауап бер

1. Әсет пен Әлияның сүйікті ісі қандай?
2. Әсет не жасады?
3. Әлия не жасады?
4. Балалар содан соң қайда кетті?
5. Ермексаздан жасалған тышқанды не көрді?
6. Балалар ойнап келгенде нені көрді?

*Ал енді өзің
әңгімені әрі қарай
жалғастырып айтып
көр.*



Сәлем – сыпайлықтың басы

Әдептілік Әліппесі

Айбар таңертең аулаға шыққанда, көршісі Әлия апайды көрді. Ол күлімдеп:

– Сәлеметсіз бе, Әлия апай! – деді.

Әлия апай қуанып:

– Сәлем, Айбаржан! Әдепті бала екенсің, – деп басынан сипады.

Сәлемдесу – әдепті баланың белгісі.



«Кітапты күтін ұста!»

Мәдина кітапханадан ертегі кітабын алды. Үйге келіп мұқият оқып, бетін бүктемей таза ұстады. Кітапты қайтарғанда, кітапханашы апай:

– Жарайсың, Мәдина! Кітапты таза ұстағаның үшін рақмет! – деді.

Әдептілік әрбір әрекетте көрінеді.



Өзіңді қорғай біл, балақай!

Балалар назарына!

Кішкентай досым, кейде біз ата-анамыздан алыста ойнап немесе серуендеп жүруіміз мүмкін. Мұндайда өзіңді қалай қорғау керек екенін білу маңызды!

1. Бейтаныс адамдармен сөйлеспе. Егер біреу сенімен сөйлескісі келсе, жай ғана алыстап, үйіңе немесе тәрбиешіңе бар.

2. Таныс емес адамнан тәтті немесе сыйлық алма, «Дүкенге жүр» немесе «Үй жануарын көрсетемін» десе де, келісіп еріп кетпе. Ол жақсы көрінсе де, әрқашан ата-анаңнан рұқсат сұра.

3. Танымайтын адамның көлігіне отырма. Тіпті, ол «Ата-анаң шақырып жатыр» десе де, сенбе!

4. Қорықсаң көмек сұра! Далада жүргенде тиіссе, өзіңе сенімді ересек адамға барып (полиция, мұғалім, ата-ана) айт.

5. Қауіп төнсе айқайла! «Көмектесіңдер! Мен бұл кісіні танымаймын!» деп қатты дауыста.

Есіңде болсын: Сен ақылды, өте сақ балақайсың! Өзіңді қорғау – нағыз батылдықтың белгісі!



Өзін-өзі қорғау ережелері

Ата-ана назарына!

Құрметті ата-ана! Мектеп жасына дейінгі балалар сыртқы әлемді енді ғана танып келеді. Осы кезеңде балаға қауіпсіздік негіздерін, әсіресе, бөгде адамдардан қорғану жолдарын үйрету өте маңызды. Нені үйрету керек?

– Бейтаныс адамдармен сөйлеспеуді, олардың берген затын алмауды үйретіңіз.

– Ешқашан бөтен көлікке мінбеуді, қайда бара жатқанын айтса да, артынан ермеуді үйретіңіз.

– «Жоқ» деп айтуға үйретіңіз және қауіп сезсе, дауыстап (айқайлап) көмекке шақыру керектігін түсіндіріңіз.

– Көмек қажет кезде кімге жүгіну керектігін түсіндіріңіз (полиция, тәрбиеші, т.б. ересек адамдар).




– «Жеке шекара» ұғымын, яғни денесін ешкім рұқсатсыз ұстауға болмайтынын үйретіңіз.

Балаға күнделікті ескертіңіз, бірақ қорқытпаңыз. Бастысы – бала мен ата-ана арасындағы сенім. Бала қандай жағдай болса да, сізге ашық айта алуы өте маңызды.



БАЛОҒЫМ, ӨРЛЕ БҮІККЕ!

Мына суреттердің атауларын ретімен жаза отырып, көк түсті торкөздің ішінде қандай сөз жасырынғанын тап.



Төмендегі сұрақтарға жауап бер.

Жұмыр
ой



Киви дегеніміз не?

- а) көкөніс
- ә) жеміс
- б) жәндік

Балмұздақ неден жасалады?

- а) сүттен
- ә) қардан
- б) тұздан

Қойдың төлін қалай атайды?

- а) қозы
- ә) лақ
- б) бұзау

Сегізаяқ қайда тіршілік етеді?

- а) орманда
- ә) суда
- б) балшықта

Көк және сары түсті араластырса, қандай түс шығады?

- а) қызыл
- ә) жасыл
- б) күлгін

Түйеқұстың неше аяғы бар?

- а) төрт
- ә) екі
- б) аяғы жоқ



Есіңде ме?

Баланың есте сақтау қабілетін жақсартуға арналған тапсырма

?			?
?			?
	?	?	
	?	?	

1) Суреттегілердің орнын есте сақтап ал да, бетін жауып қой!

2) Енді мына кестедегі сұрақ белгісінің орнында қандай сурет тұрғанын айтып бер.

Өрмекші, құмырсқа, қарлығаш

Атасы он жасар ұл баласымен далада келе жатып, баласынан сұрады:

- Анау өрмекшіні көремісің, не істеп жүр?
- Көремін, өрмек тоқып жүр.
- Анау құмырсқаны көремісің?
- Көремін, аузында бір нанның ұсағы бар, жүгіріп кетіп барады.
- Жоғары қара, аспанда не көрінеді?
- Жоғарыда қарлығаш ұшып жүр, аузында кесек тістеген шөбі бар.

Сонда атасы:

– Олай болса, шырағым, ол кішкентай жәндіктер саған үлгі. Өрмекші өзіне азық етуге маса, шыбынға тұзақ құрып жүр. Құмырсқа балашағаларына азық іздеп, тапқан бір нанның ұсағын өзі жемей, аузына тістеп, қуанғаннан үйіне жүгіріп қайтып барады. Қарлығаш балапандарына ұя істеуге шөп жиып жүр. Жұмыссыз жүрген бір жан жоқ. Сені де құдай тағала босқа жүруге жаратпаған, жұмыс істеуге әдеттену керек, – деді.



АРТЫҚ БОЛМАС
БІЛГЕНІҢ



ВЕЛОСИПЕДТІҢ ШЫҒУ ТАРИХЫН БІЛЕСІҢ БЕ?

Велосипедтің шығу тарихы қалай басталғаны және нақты кімнің ойлап тапқаны белгісіз. Арба туралы әңгіме еске түскенде, болжам ретінде неміс бароны Карл Дрездің есімі аталады.

Карл фон Дрездің механикаға қызығушылығы қатты болған. Тыным таппай, күндіз-түні бір зат жасаумен болады. 1817 жылы жылдам жүретін машина жасау туралы ой келеді. Екі үлкен доңғалақ пен отырғышы жалғасатын көліктің рулі жоқ болатын. Велосипедші доңғалақтардан шығып тұрған екі таяқтан ұстап отыратын, өйткені педалі де жоқ болатын. Сол кезде көлікте отырған адам аяғымен жерді итеріп, сүйреп жүретін. Сырт көзге бұл арба өте қызық, күлкілі болып көрінетін. Арбамен келе жатқан өнертапқышқа қала тұрғындары ішек-сілесі қатып, мысқылдап күлетін. Бірақ тұрғындар арасынан осындай көлік мінгісі келетіндер де табылды. Бұл көлікті өнертапқыштың атымен «Дрезина» деп атап кеткен. Өзі жасаған машинасына 1817 жылы патент те алады.

Дегенмен, халықтың көбі велосипед 1869 жылы құрастырылды деп есептейді, себебі біріншісі ағаштан жасалғандықтан салмағы ауыр, алдыңғы доңғалағы үлкен, артқылары кішкентай болған.

Қазіргі велосипедке ұқсайтын көлік құралын Франциялық өнертапқыш, 19 жасар Пьер Лалман 1863 жылы ойлап тапқан деседі. Бір жылдан кейін Франциялық инженер Пьер Мишо бұл көлікке «Велосипед» деген атау берген.



Ақпарат интернет желісінен алынып, аударылған.

Елорда төрінде дүниеге келген кішкентай гана Дәрия бүгінде өзінің үлкен жетістіктерімен көпке үлгі. Ержан Дәрия Русланқызы – Астана қаласы, Қадыр Мырза Әлі атындағы №88 мектеп-лицейінің 4-сынып оқушысы. Ол 2015 жылы дүниеге келіп, 2022 жылы осы білім ордасына қабылданған күннен бастап-ақ, өзін білімге, өнерге, спортқа бірдей қабілетті оқушы ретінде көрсете білді.

Шабытқа толы балалық шақ:

Ержан Дәрияның жарқын жетістіктері



Дәрия тек өнермен ғана емес, спортпен де кәсіби түрде айналысады. Ол төрт жасынан бастап, «Алау» мұз айдынында мәнерлеп сырғанауды меңгеріп келеді. Бұл спорт түрінде ол республикалық және халықаралық жарыстарға қатысып, жүлделі орындарға ие болды. Алғаш рет Қарағанды қаласында өткен «Алтын мұз» атты республикалық турнирде мәнерлеп сырғанаудан жүлделі ІІІ орынды иеленуі – Дәрияның талантты мен табандылығының айғағы. Жас спортшының бұл жеңісі үлкен жетістіктерге апарар жолдың бастауы болды. 2025 жылы Алматы қаласында өткен «Skate Almaty» халықаралық турнирінде, ол көркемдік мәнерлеп сырғанаудан өз жас санатында ІІІ орынды иеленіп, шеберлігі мен дайындығын жоғары деңгейде көрсетті. Содан кейін Шымкент қаласында өткен «Shymkent Skate-2025» халықаралық турнирінде Дәрия «В» тобы бойынша ІІ разряд санатында мәнерлеп сырғанаудан ІІІ орын иеленіп, жеңіс тұғырынан көрінді.

Сахнадағы нәзік қимылдары мен мұз үстіндегі сенімді қадамы – тәртіп пен табандылықтың нәтижесі. Көптеген турнирлерден алған дипломдары мен мақтау қағаздары – оның қажырлы еңбегінің белгісі.


Дәрия болашақта білімді, тәрбиелі, ұлтқа қызмет ететін тұлға болуды армандайды. Ержан Дәрия – жаңа буынның жарқын бейнесі. Оның балалық шағы – шығармашылықтың, ізденіс пен табыстың жарқын көрінісі. Білім мен шабытты серік еткен бұл бүлдіршіннің алар асуы алда екеніне сеніміміз мол.




ЖАС СУРЕТШІЛЕРДІҢ ТАДЕРЕЯСЫ



Елнұр Бақдәулет,
Шымкент қаласы,
№11 «Аружан» бөбекжай-бақшасының
тәрбиеленушісі.



Айару Ерболқызы,
Шымкент қаласы,
«Хадия» балабақшасының
тәрбиеленушісі.



Амир Рахим,
Балқаш қаласы,
«Балдырған» бөбекжайының
тәрбиеленушісі.



Мерейлім Суханбай,
Маңғыстау облысы,
«Айналайын» бөбекжайының
тәрбиеленушісі.



Сүрөт
салып үйрөн!



1



2




3




4




5



Бул не?



Боямақ



Суретті боя!



Ең көне
балық –
латимерия
балығы.
Ол жоғарыға,
артқа қарай
жүзе алады.



Ең улы балық –
тас балық.

Ең баяу қозғалатын
және тек тік қалыпта
ғана жүзетін – теңіз
атбас балығы.



Барлық балықтардың ішінде
ең үлкені – кит акуласы.
Оның дене бітімі 20 метрге,
ал салмағы
шамамен 25 тоннаға дейін жетеді.


Ең жылдам
жүзетін балық – желкенді балық.
Ол 100 км/сағ жылдамдықпен
жүзеді.

Ағаштарға өте
жақсы өрмелей
алатын балық –
анабас балығы.



Үлкен кальмардың көзі
баскетбол добының
өлшеміндей болады.

Теңіз мысықтары
су астында
5 минуттан
2 сағатқа дейін
жүзе алады.



Кішкентай КИТ күн сайын
90 кг-ға дейін салмақ
жинайды.



АЛТЫН
балықтың есте
сақтау қабілеті
бар болғаны –
3 секунд.



Қолтырауын
тілін шығара
алмайды.



Бассогигас балығы
судың ең терең
жерін мекендейді.



Теңіз жұлдызының миы
мүлдем болмайды.





Әнші балалар

КӨГЕРШІНІМ ҚАЛЫҚТА

Әнін жазған:
Әсет Бейсеуов

Өлеңін жазған:
Айтжан Байғожаев

Ананың алып арманын,
Әлемді құсым шарлаған.
Көрмесін ата, жас бала
Жоқшылықтың салмағын.

Қайырмасы:

Бақыт тілеп халыққа,
Көгершінім, қалықта.
Отанымның мақсатын
Жария ет, жалықпа.

} 2 рет

Жайнасын көктем әр елде,
Қуаныш апар әлемге.
Бақытты, балғын біздерден
Сәбиге ыстық сәлем де.

Қайырмасы:

Құрлықты шарла гүлденген,
Жауыздан сақтан күндеген.
Көгершін сенсің, бақ құсым,
Тілеймін саулық күнде мен.

Қайырмасы:

Шалқыта, терең сезіммен.

p
А-на-ның а - лып ар-ма - нын, ө- лем-ді құ - сым шар-ла
ған. Көр-ме-сін а - та, жас ба - ла жоқ-шы-лық-тың
Қайырмасы:
сал-ма - ғын. Ба-қыт ті - леп ха-лық - қа, кө-гер-ші
нім, қа - лық - та. О-та-ным-ның мақ-са - тын
1. жа-ри-я ет, жа - лық - па. 2. // жа - лық - па.



Толғағай туралы аңыз



Бұрынғы өткен заманда апайтөс Арқаның бел ортасында, бір қауымдық жұрт өмір сүріпті. Жағалары жайлауда, жандары рақатта, тамаша ғұмыр кешіпті. Шұрайлы жерден қоныс алған, малға да, жанға да бай өлкенің тұрғындарында «Бізде барлығы да бар. Тек сол мал-жанымызды қорғайтын батырымыз болса екен» деген бір ғана армандары болыпты.

Күндердің күнінде бір отбасында алтын айдарлы алып бала дүниеге келіп, ел-жұрты үлкен той жасайды.

Сол нәресте жыл санап емес, күн санап ер жете бастайды. Туған-туысқандары да көркейіп келе жатқан баланы өз атымен атамай, көз тимесін деп Толғағай атап кетеді.

Күндердің бір күнінде жерге бір тамшы жаңбыр жаумай, қуаңшылық тартып, ел күйзеліске ұшырайды. Халықтың басына түскен мұндай ауыртпалық Толғағайды да қатты мазалапты. Сонан соң Толғағай Дана деген қарт ақсақалға барып, ақыл сұрапты. Сонда қарт:

– Қарағым, Толғағай, біздің жеріміз жазық, бұлт үйіріліп тоқтайтын тауы жоқ, жаңбырдың болмауы сол себептен, – дейді.

Бұған Толғағай: – Ата, сіз рұқсат етсеңіз, мен барып бір жерден тауды арқалап алып келсем бола ма? – деп тіл қатады.

Сонда қарт: – Шырағым, Толғағай, еліңді ойлап егіліп тұрсың-ау! Тау арқалап әкелу оңай болмас, дегенмен, ондай талабың болса, оңтүстік өлкеде Алатау деп аталатын алып таулардың ақсақалы бар. Рұқсатты сонан сұрайсың, – деп, батасын береді.

Сөйтіп Толғағай сапарға шығып, арада ай, жыл өткенде, ақ басты Алатауға жетіпті. Ақсақалға «Ассалаумағаләйкүм!» деп сәлем беріп, өзінің талап-тілегін айтыпты. Маңғаз Алатау талапты ерге зор қошемет көрсетіп, етегінде орналасқан бала тауды Толғағайға арқалатып қоя береді.

Ол алғашқыда аяғын ширақ басқанымен, иығына түскен салмақ еңсесін езіп, бірте-бірте әлсірете бастайды. Арада көп уақыттар өтеді. Арқасында тау, әлсіреген, қансыраған Толғағай елінің шетін іле бере тізесі бүгіліп құлап түседі де, ұйқыға кетеді. Арқалаған тауы батыр жігіттің үстінен басып қалыпты.

Сонан сол Толғағай күні бүгінге дейін тау астында ұйықтап жатыр дейді. Ал жаңағы бала тауды ел «Толғағай» деп атап кетіпті.


Тұлкі аң аулауға шықты.
Аңшының қақпанына түспей, жемтігіне
қалай жол табуға болады?

ойлан, тап!



Көлеңкесін тап!

Қайсысы
тұлкінің көлеңкесі?






ҚАҒАЗДАН ЖАСАЛҒАН БАЛЫҚ

Ол үшін:

- түрлі-түсті қағаз;
- қайшы;
- қалам;
- желім


Қажет

Ең алдымен өзіңе ұнаған түсті қағазды төмендегі үлгілер бойынша бүктейміз (1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9-суреттер).









Әрі қарай балықтың
көзін, аузын, желбезектерін
қарындашпен
саламыз.

**МІНЕ, ОСЫМЕН
БАЛЫҚ ДАЙЫН!**



Мына бөлшектерді қайшымен қиып алып, төменде көрсетілген нұсқадағыдай жабыстыр.

Ой мен қол еңбекті ұштастыра білейік!



Қандай көркем - туған өлкем!

**Бұл -
Шарын шатқалы.
Алматы облысы,
Рауымбек ауданында
орналасқан.**

